

№ 1. «36.08.

Пед.кенесте қаралды

Бекітілді:  Л.И. Еспенбетов

Басқұдық ЖОББМ-нің директоры



Келісілді:  Б.Д. Сейлханов

Ауғандық білім бөлімінің басшысы



Тақырыбы:

«Жаһандық құзыреттілік»


Класы: 7 класс

Орындауды: .Хасенова Л.Б. 

Көркем еңбек пән мұталимі  
Ә/б отырысында қаралды 

Ә/Б жетекшісі: Бирманов К.А

№ 1 хаттама 26 күні 08 айы 2022ж

Тексерілді:  Исқакова С.А.

Оку ісінің орынбасары

2022-2023 оқу жылы

## **Түсінік хат**

1. Оку бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

**Курстың мақсаты:** жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

### **Курстың міндеттері:**

- 1) білім алушыларды қазіргі заманың жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- 2) тұлғаның тұракты даму мәдениетін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда жергілікті, өнірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
- 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оку жүктемесінің көлемі:

7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оку жылында 18 сағат;

### **Нені менгеру керек:**

- білім алушылардың жергілікті, өнірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сини ұғыну;
- мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланысы қағидаттарын менгеру;
- түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын менгеру;
- білім алушылардың экологиялық мәдениеті алынған білімді практикада қолдануды менгеру;

### **Нені үйренуі тиіс:**

- Ата-аналарға ризашылық білдіруді үйрену;
- этикалық мәдениетін дамытуға;
- нақты өмірлік жағдайларда мінез- құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға;
- социумдағы табысты өзара іс-қимылға;
- ахуалды сини талдау және жауапты шешімдер қабылдауды;

**Күтілетін нәтиже:** «Жаһандық құзыреттерді» оқыту шеңберінде орта білім беретін 5-11-сыныптарда білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын, әртүрлі процестер мен құбылыстарды аналитикалық бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, өзіндік және топтық жұмыс, педагог-тәлімгердің қолдауымен өз оқыту процесін басқару, маңызды проблемаларды жеке, өнірлік / ұлттық және жаһандық тұрғыдан қарау, олардың өзара байланысын түсіну, қол жетімді ақпаратты сыйни бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-кимыл, жеке өсу перспективаларын, өз елінің дамуы мен оның жетістіктеріне жеке қатысуын көру дағдыларын меңгереді.

## **2. Оқу курсының базалық мазмұны**

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

**«Парасаттылық және әдеп»** юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілекестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. 3 сағат

**«Азаматтылық және патриотизм»** юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды. 3 сағат

**«Медиа және қаржылық сауаттылық»** юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кенейіп, сауаттылық нeden басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай ұнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әлауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді. 5 сағат

**«Өмір қауіпсіздігі»** юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, корқыту мен зорлық-зомбылықтан корғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған 4 сағат

**«Экологиялық мәдениет»** юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға жәнс табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршагаш ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадагы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады. 3 сағат

## **Ақпараттық-әдістемелік бөлім**

## 7-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)	Мерізімі
<b>Парасаттылық және әдеп</b>				
1	«Рухани қасиеттер - адам өміріндегі ең бағыты» (Абай)	3	Бейнеролик дайындау Жоба Жағдаяттық есептерді шешу	06.09
2	Жақсылықты күн шуағындашаша біл!			20.09
3	«Өз мінін білген жігіттің тәлімінде мін бар ма» (Ақтамберді жырау).			04.10
4	Қарым-қатынас жасау мәдениеті			
5	Зорлық-зомбылық және қорлау: алдын алу және қорғану			
<b>Азаматтық және патриотизм</b>				
1	Отан деген мен үшін...	3	Жоба Зерттеу жұмысы «Еліміздің мактандышы»	18.10
2	Өзге тілдің бәрін сүй, өз тілінді күрметте!			08.11
3	Өз елін танымал еткен тұлғалар			
4	Тарих беттерінен		бейнеролигін дайындау	22.11
<b>Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық</b>				
1	Медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеу	5	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу	06.12
2	Телефон алайқтары: не істеу керек?		Рөлдік ойындар Схемаларды құру	20.12
3	Табысты арттыру жолдары		Рөлдік ойындар	10.01
4	Жеке кірісті қалай тиімді басқаруга болады			24.01
5	Отбасы бюджетін қалай жоспарлауға және үнемдеуге болады			07.02
6	Отбасының қаржылық мақсаттары		Конкурс	
7	Ақша жинақтары қалай құрылады?			
8	Банк кредиттері			
9	Отбасының қауіпсіздігі үшін қаржылық қауіпсіздік			

**Тіршілік қауіпсіздігі**

Табиғаттағы, қауіпсіздік	4	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Бейнеролик түсіру Табиғаттағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты өзірлеу	21.02 07.03 28.03 11.04
Табиғи апарттар кезіндегі қауіпсіздік			
Техниканы қауіпсіз пайдалану			
Мен не жеймін? Азық-тулік қауіпсіздігі.			
Қауіпсіз ер жетеміз			

### Экологиялық мәдениест

Менің өлкемнің, елімнің экологиясы	3	«Табиғатпен бірлікте қалай өмір сұру керек» тақырыбындағы шығарма «Біздің экология» фотокөрмесі «Табиғатты сақтайық!» тақырыбына презентация Экологиялық акциялар	25.04 16.05 30.05
Табиғатпен үйлесімділік			
Экологильтық қауіптер			
Табиғатты қалай сақтауға болады			

## **Ақпараттық-әдістемелік бөлім**

5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет».

Әр сынып үшін сағат саны мен күтілетін нәтижелерді көрсететін әр түрлі бірліктер ұсынылады. Ұсынылған курс тақырыбы 5-9 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған.

Мысалы, «Парасаттылық және этика» бірлігі келесі тақырыптарды қамтиды:

1. Барлығы сәлемдесуден басталады
2. Ата-аналарға ризашылық білдіруді үйрену
3. Жаның қендігі-адамның безендірілуі
4. Үстелдегі мінез-құлық этикасы. Үстелді орнату
5. Біз қорлау/қорлауға қарсымыз.

Юнит тақырыбының «Парасаттылық және этика» мазмұны білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда мінез-құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануга, социумдағы табысты өзара іс-кимылға, ахуалды сини талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Юниттің «Азаматтылық және патриотизм» (5-9-сыныптар) контенті тақырыптарының контенті білім алушылардың жергілікті, өңірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сини ұғыну, мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланыс қағидаттарын түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын көздейді.

«Экологиялық мәдениет» юнитінің тақырыбы (5-9 сыныптар) білім алушыларды Экологияның негізгі занбарымен таныстырады, өз деңсаулығына, қоршаган адамдарға және табиғатқа жауапкершілікпен қарau қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Оқыту курсының нәтижесі табиғатты пайдалану құндылықтарына ие, экологиялық санасты дамыған әлеуметтік бағдарланған түлға болады.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

#### **Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008
4. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі» (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
5. «Қазақстан мектебі» журналдары, 2010 жыл

#### **Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер:**

- 1.Тәрбие сағаты әдістемелік журнал №4.2017 ж.
- 2.Мектептегі сынныптан тыс жұмыстар №11, 2016ж.
- 3.Мектептегі технология №4, 2018ж.
- 4.География ,7- сынып 2017ж
- 5.Қазақ әдебиеті, 7- сынып 2017ж